

Б. С. Қорғанбеков

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЖОҚТАУ ЖАНРЫ

Қожа Ахмет Ясауидің қазақ мәдениетіндегі орны өлшеусіз. Ұлттық дүниетанымымыздың қалыптасуында Ясаудің хал-хикмет ілімі жетекші рөл атқарған болса, оның «Диуани хикмет» жинағы осы ілімді таратудағы ең басты құрал болды. Сондықтан да ол халық арасында кие-қасиеті күшті, қымбат рухани қазына ретінде қастерленіп келді. «Диуани хикмет» қазақтар арасында жазбаша да, ауызша да тарады. Әйтсе де соңғысы басымырақ болды. Әрбір отбасындағы жандардың хикметтерді белгілі дәрежеде жатқа білуі Қожа Ахмет Ясауидің халық жүрегінің төрінен орын алуына жол ашты. Жатқа айтылу нәтижесінде Ясауи хикметтері фольклорлық шығармаларға зор ықпал етті. Соның жарқын мысалын қазақ жоқтауларынан көруге болады.

Жоқтау – көнеден келе жатқан фольклорлық жанр. Оған Білге қаған, Күлтегін ескерткіштері және Махмұт Қашқари «Сөздігіндегі» Алып Ер Тоңаны (Афрасиаб) жоқтау куә бола алады. А.Байтұрсынұлының 1926 жылы Мәскеуде бастырған «23 жоқтау» жинағында қамтылған шығармалар өзінің дүниеге келген дәуірі жөнінен бес жүз жылдай уақытты қамтиды. Бұл – аталмыш туындылардың халықтың рухани қажеттілігін әрдайым қанағаттандырып келгендігінің және ислам құндылықтарымен біте қайнасып кеткендігінің дәлелі. Академик Ә.Марғұлан: «Жоқтау – Орхон жазуларының түбегейлі аялғысы [1], – дейді. Түркі халықтарының өмірінде маңызды рөл атқарған жоқтаулардың Ясауи шығармашылығына тигізген ықпалы да жоқ емес.

Қазақ мәдениеті мен өнеріне күшті әсер еткен Ясауи хикметтерінің жоқтау сияқты көне фольклорлық жанрлардың соны мазмұн табуына септігі тигені анық. Сол себепті сопылық жолға тән таным мен түсінік қазақ жоқтауларынан да байқалады. Кеңестік дәуірде жоқтау өлеңдерін ислам қағидаларына қайшылық ретінде, яғни тағдырға қарсылық ретінде көсетуге тырушылық ғылыми әдебиеттерден кең орын алды. Бұл жөнсіз қисын еді. Өйткені жоқтаулардан тағдырға қарсылық емес, керісінше, тағдырға мойынсұну, өлімнің хақ екенін мойындау мазмұны басты орын алған. Жоқтаудың ең басты мақсатының бірі – дүниеден өткен қайраткердің жақсы істерін мақтау, дәріптеу, көпке үлгі ету.

Бұл – лайықсыз адамды дәріптеп, шындықты бұрмалау емес. Жоқтау кез келген адамға айтылмаған, елге еңбегі сіңген, халық сүйген адамдарға арналған. Оны белгілі ақындар шығарған. Халық шығармашылығының білгірлері А.Байтұрсынұлы [2], Х.Досмұхамедұлы [3] сияқты ғалымдар осылай дейді. Елге үлгі тұтуға лайықты жандарды дәріптеу ислам қағидаларына ешқашан қайшы келмейді, қайта бұл – дінді дұрыс түсінуден шыққан ізгі іс. Құранның «Зұха» (93) сүресінің 11-аятында «Раббыңның берген нығметін жарияла, білдір», - делінеді. Діни көзқарас бойынша, халыққа тура жол көрсетуші тұлғалар да – адамзат баласына Жаратушы тарапынан берілген ең үлкен сый. Сондықтан пайғамбарды мақтау, дәріптеу, оның ісін үлгі етіп, тарату, оған салауат айту – Құран аяттарынан туындайтын шын мұсылманның міндеті. Қожа Ахмет Ясауи де бірнеше хикметін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды мадақтауға арнаған. Айталық, Стамбул басылымындағы «Диуани хикметтің» 20, 21, 23, 51, хикметтері тек қана пайғамбарды мақтап-дәріптеуге арналған. Пайғамбар жолымен жүргендер ғана халықтың сүйіктісіне айнала алады. Сол себепті халық жырларында, жоқтауларда дәріптелетін тұлғалар Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның жолын қушылардың ізбасары ретінде көрсетіледі. Бұдабай ақын шығарған Әйеке болысты жоқтауда:

Қайратың болды, көкежан,
Үрістем менен Дастандай.
Сақилығың бар еді
Баязат пен Бостандай.
Үммәтке белді байладың
Құданың шері арыстандай.
Әділдігің бар еді
Әзіреті Омар, Оспандай.
Үлгіменен сөз айттың
Тәпсірден шыққан дастандай [4], –

деп жырланады, елге пайдалы қызмет еткен жан пайғамбар, сахаба, әулиелер ісін жалғастырушы ретінде көрсетіледі. Жоқтаулардағы мұндай жандарды дәріптеу – пайғамбарды (с.ғ.с.) мақтаудан, оның ісін үлгі етуден бастау алатын дәстүр.

«Диуани хикметтегі» мақтаулар мен қазақ фольклорындағы жоқтаулардың арасында осындай туыстық бар. Ал қазақ фольклорындағы мақтаулар хикметтермен тек тақырыптық тұрғыда ғана емес, образдық жағынан да байланы-

сады. Мақтау, мадақ мазмұндағы хикметтерді Ясауи шәкірттері де жалғастырды. Олар Қожа Ахмет Ясауидің пайғамбарды мақтаған ізімен өз ұстаздарын дәріптеді. Бұған Сүлеймен Бақырғани шығарған деп айтылып жүрген хикметті мысал етуге болады.

Бсқақ баба ұрығы
Ибраһим шайхы құлыны,
Машайықтар ұлығы –
Шайхы Ахмет Иассауи [5], –

деп басталатын бұл хикметтің ізгілікті дәріптеуді, оны көпке үлгі етуді дәстүрге айналдырудағы маңызы зор болды.

Қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорындағы мақтаулардың жоқтаумен тамырластығы айқын. Фольклортанушы Е.Тұрсынов мадақ өлеңдерін жоқтаулардан да бұрын туған деп көрсетіп, ол екеуінің шығу негізі бір екенін айтқан. Ол өлген адамды еске алуға арналған көне ырымдық әрекеттерде аруақтың көңілін көтеру мақсаты барлығына назар аудара келіп, «Осыған қарағанда, аруақтарға арнап айтылған өлеңдер **жоқтау түрінде емес, мадақтау түрінде айтылған болса керек**» [6] – дейді. Мақтауларда да жоқтаулардағыдай дәріптелуші тұлғаның халыққа, елге сіңірген еңбегі басты орында жырланады.

Жоқтауларда өмірдің өткіншілігі, рухтың өлмейтіндігі, әулиелердің шарапаты сияқты хикметтерде бар сопылық танымға тән түсінік түрлері өте көп кездеседі. Сопылық жолдағы жүрек тазалығы да айтылады. Мысалы, Ысмайылды жоқтаудағы:

Кешегі менің бекзатым
Бесінде мектеп оқыған,
Алтыда ақыл тоқыған,
Жетісіне келгенде,
Жетпіс жерден діл сұрап,
Құдықтай көзін шұқыған [4,60], –

деген жолдардан жүрек тазалығымен айналысқан Ясауи жолының өкілін танимыз (фольклорлық шығармалардағы «діл» сөзі «жүрек» ұғымын береді). Жоқтауларда Қожа Ахмет Ясауидің: «Иер устида улмас бурун тирик улдим» [7], «Улмас бурун жан бермакни дардин тарттым» [7,148], «Ғашиқларни суннати дур тирик улмак» [7,172], – дегеніндей, «өлмей тұрып өлу» деп айтылатын сопылық жолға тән қасиет те айқын жырланады. Осы жоқтаудағы:

Бұрынғы өткен пайғамбар –
Бәрі өлімге болды тән,
Бір кісіге жарасар
Өлімге де қылған сән [4,63], –

деген жолдар – осының дәлелі. Бұл жерде өлімнің не екенін тірі кезінде біліп, оны қуанышпен, салтанатпен қарсы алған адамның бейнесі бар. Жоқтаулардағы сабырға шақыру, өліге иман тілеу де сопылық жолдағы дәстүрлерден туындайды.

Кеңестік идеология исламға жат етіп көрсетуге тырысқан жоқтауларда, керісінше, ислам құндылықтарының ең маңызды тұстары, сопылық ілімге тән барлық шарттар мен ұстанымдар үлгі етіледі. Мысалы, Шоқанға арналған жоқтауда Ясауи айтатын «топырақ болу», яғни елдің табанында жататын топырақ сипатты кішіпейілдік пен нәжіс төксе де, гүл өсіріп беретін топыраққа тән жомарттық қасиеті былай дәріптеледі:

Адалдан жиған теңгені,
Ақ көңіл, ашық пенде еді.
Мен ақсүйек екем деп,
Елге айтып көрмеді [4,51].

Ғаріпке болысу, жетім-жесірді жебеу – Ясауи хикметтерінде көп айтылатын өнегенің бірі. Жетім, пақырларға болысу Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың сүйікті ісі екеніне Қожа Ахмет Ясауи айрықша назар аударады. Ол пайғамбардың бұл ісін «Ғариб, фақир, иетимларни башин сылаб», «Ғариб, фақир, иетимларни Расул сурди» [7,129], «Иетим, фақир, ғарибға саһауатлығ Мухаммад» [7,174], «Мухаммад айтдилар: һар ким иетимдур, Билиңлар: ол мени хас умматимдур» [7,209] – деп дәріптейді. Өзі де: «Ғақил ирсан ғарибларни кунлин аула» [7,129], «Ғариб, фақир, иетимларни қылғыл шадман» [7,131], «Иеимни курсаңиз ағиртмаңизлар, Ғарибни курсаңиз дағ етмаңизлар» [7,209], – дейді. Аталмыш жоқтауда бұл идеяны

Немересі ер Шыңғыс
Билікті істі қалапты.
Қызыр Ілияс жар болып,
Сұлтан болды талапты.
Ғаріпке Шыңғыс болысқан,
Билік айтып толысқан [4,51-52], –

деп береді. Бұл – халыққа пана болумен қатар дәріптелетін жақсылық. Әйекені жоқтаудағы:

Айналайың, көкежан,
Қараның болдың ханындай.
Қарайғанды ықтаттың
Қамысқа түскен жалындай.
Орта жүздің көркі едің,
Қоңыраулы бұйра нарындай.
Ағайында жинадың
Алпыс үйлі арғынды-ай!
Орынды болдың орасан
Мыңжылқының тауындай!
Көпке пайдан көп тиді
Көктемдегі жауындай [4,67-68], –

деген жолдардан осыны танимыз.

Жоқтаудың соңы әрдайым дұғамен, қайтыс болған адамға иман тілеумен аяқталып отырады. «Өлі риза болмай, тірі жарымайды» деген мақал мазмұнынан аңғарылатын екі дүниенің тұтастығы туралы хал іліміне тән көзқарас – жоқтаулардың негізгі өзегі. Осы дүниетаным белгісі әулиелер шарапаты, аруақтың қолдауы жайындағы жыр жолдарында барынша ашыла түседі.

Ысмайыл Арыстанбекұлына арналған жоқтаудағы:

Жеңіл де болсын сұрағың,
Әулие, пірлер медет қып,
Бейіште болсын тұрағың [4,59], –

деген сөздер өткенге деген құрметтің, тарихты қадірлеудің белгісіндей көрінеді. Бұл шығармаларда әр тыныста Алланы еске алудың, дүние ісінің өзін Жаратушы ризашылығы, халықтың игілігі үшін атқарудың, сөйленген сөз бен атқарылған әрбір әрекетті құлшылыққа айналдырып жіберудің үлгісі де бар. Мұндағы елшілдік мазмұн оны батырлық жырлармен туыстастырады. М.Әуезов қаһармандық жырлардың көбін жоқтаулардан шыққан деп дәлелдейді [8]. Жоқтауды ұлт зиялыларының көп зерттеуі, жариялауы да тегін емес. Мұнда Ясауи іліміне тән құндылықтар мол.

Қожа Ахмет Ясауидің өзі де көне жоқтаулардағы көркемдік дәстүрлерді пайдаланғандығын аңғауға болады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды мақтаған 51 хикметіндегі: «Бабасини атасы ирди Һашим, Ешитканда ақадур кузда иашим» [7,207], төрт шардиярдың бірі – Омарға арнаған 53 хикметіндегі: «Мискин Ахмад, қылғыл иад, қылғыл ғажизини бунияд, Шаяд рухы қылғай шад, ғадалатлиғ Ғумар дур» [7,211], – деген жолдардан және Өзіреті Әлиге арналған 55-хикметіндегі: «Рахмет қылғай Бир уа Бар, һар не қылса ерки бар, Қожа Ахмадга мадатқар шер худа Ғали дур» [7,213], – деген жолдардан қазақ жоқтауларында бар дәстүр ізін байқаймыз. Бұл жолдардың алғашқысынан дүниеден өткен адамға қатысты өз қайғысын білдіруді, кейінгі екеуінен жоқтау соңының жұбатуға ұластырып, өз-өзіне басу айту мен дұға-тілек бағыштауды аңғарамыз. Бұның бәрі – қазақ жоқтауларында бар сипаттар.

Ясауи хикметтерінде тікелей жоқтаумен байланысты туған образдар да бар. Мысалы, Қазан басылымындағы 67 хикметінде «Күні-түні тынбай бір сәт жоқтау айтты» [9], – деп, жоқтау айту дәстүріне тағдырға қарсылық ретінде шошына қарамағандығын көрсетеді. Ол:

Аналары дал болып қалды қайран,
Гүр жүздері запырандай сарғайған,
Уай, құлыным, ботам, деумен ах ұрған,
Жаға жырытып, шаштарын жұлды, көргін [9,129], –

деп те жырлайды. Бұл сурет көне замандағы

жоқтау айту кезіндегі іс-әрекетті көзге елестетеді. «Боздағым» жинағын құрастырушы Т.Арынов осы жинаққа жазған «Өлгендер туралы өлмес мұралар» атты алғысөзінде бұл туралы: «Сонау көне замандарда, бергі көне түркі кезінің өзінде (V-VIII ғ.) түркі тайпалары өлген адамға қатты қайғырып, «өлген адамның тумалары шашын жұлып, бетін тырнап, құлағын кесіп, өздерін қорлайтын» әдет болған. Оның мәнісі: «Өлген жақсы адамның артында қалып, онсыз сүрген өмірде не мән бар?» – деп қараудан шыққан» [4,12], – дейді. Қожа Ахмет Ясауидің осы іс-әрекеттерді салқынқандылықпен бейнелеуі оның бұған қалыпты жағдай ретінде қарағанын және көне дәстүрлерді құрметтегенін білдіреді.

Осы айтылған мәселелердің бәрі Ясауи хикметтерінің қазақ жоқтауларымен мазмұндық және образдық тұрғыдағы тығыз байланыстылығын танытады. Бұл ақиқат жоқтауларға қатысты кеңестік идеология қалыптастырған көзқарастың қазіргі кезде ескіргендігін ескертіп, оны ғылыми негізде қайта қараудың қажеттілігін күн тәртібіне қойып отыр.

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985.

2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу (құраст. Р.Нұрғалиев). Алматы: Жалын, 1991, 428-б.

3. Досмұхамедұлы Х. Аламан (құрастырушылық, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар – Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов). Алматы: Ана тілі, 18-б.

4. Боздағым (қазақтың жоқтау жырлары). Құраст. Т.Арынов. Алматы: Жазушы, 1990, 69-б.

5. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер. (Аударған және түсініктерін жазған Ә.Жәмшіұлы). Алматы: Өнер, 1995, 144-б.

6. Тұрсынов Е. Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы // Қазақ тарихи жырларының мәселелері (жауапты ред. Р.Бердібаев). Алматы: Ғылым, 1979, 44-б.

7. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Даналық кітабы). Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи. Алматы: «Мұрағатас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 170-б.

8. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, зерттеулер. 17 т. Алматы: Жазушы, 1985, 171-б.

9. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер (жалпы ред. басқарған және алғы сөзді жазған М.Қ.Әбусейітова; қазақшалаған Ә.М.Ибатов, З.Жандарбек, А.Ш.Нұрманова; түсініктемесі З.Жандарбектікі). Алматы: Дайк-Пресс, 2000, 83-б.